

УДК821.512.122.0

ББК83.3 (5Қаз)

М 37

Мәуленов А.

М 37 Фольклор және түркі халықтары әдебиетіндегі мифология. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2015. – 504 бет.
ISBN 978-9965-22-494-2

Қазақ мифологиясын зерттеп жүрген ғалым Алмасбек Мәуленовтің бұл монографиясы – түп негізі шумерлерден бастау алған арғықазақ мифологиясының қазақ әдебиеті дамуының түрлі кезеңінде алған орны мен дәстүр жалғастығын жаңаша зерделеуге арналған.

Автор отандық ғылымда қазіргі кезге дейін мифтуындыгерлігі турасында айтылған әрбір ой мен пікірді жете бағамдай отырып, ендігі уақытта қазақ филологиясындағы мифте, фольклорда және әдебиет тарихында қалыптасқан ғылыми бірізге түскен жүйе арқылы арғықазақ мифологиясының арғытүріктік түбірлік тектестігін талдап, оның көне дәуірдегі мифтермен идеялық-әлеуметтік үйлестікте болып, ортақ үлгілерден бастау алатындығын дәлелдейді.

Кітап жоғарғы және орта мектеп мұғалімдері мен әдебиет саласындағы барша мамандарға, ұлт әдебиеті мен тарихын сүйер оқырман қауымға арналған.

УДК821.512.122.0
ББК83.3 (5Қаз)

4. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТОТАЛИТАРЛЫҚ МИФОЛОГИЯ

4.1. XX ғасырдың 60-80 жылдар қазақ прозасындағы идеологиялық мифология

Миф — сөз өнерінің бастау көзінде тұрады. Сондықтан, мифологиялық ұғымдар мен түсініктер және сюжеттер қазақ халқының әуелі ауыз әдебиетінде, кейін келе жазба әдебиетінде үлкен орын алады. Мифтегі сюжеттер, мифологиялық тақырыптар, образдар, персонаждар — қазақ әдебиеті өкілдерінің айналып кеп бір соғып отыратын алтын қазығы. Оның айқын іздерін Күлтегін мен Тоныкөктен, әл-Фарабиден, Ж.Баласағұннан, А.Йассауиден, М.Дулатиден айқын аңғарамыз. Олай болса, қазақ әдебиеті тарихына әр дәуірдегі мифтеріміздің ақын-жазушыларымыздағы айшықталуын тереңдете зерттеуге тиіспіз. Бабалармыздан қалған асыл мұра мифтердің этностың тұрмыс-тіршілігінде алатын орны мен рөлін қазақ ғылымының бүгінгі қол жеткізген ғылыми жетістігі тұрғысынан қарастыруға тиіспіз.

Кеңестік кезеңде «біз әдебиет теориясы және мифі жоқ, жазба әдеби дәстүрі болмаған халық» саналып келдік. Тіпті, жазушыларымыздың туындыларында көзге ұрып тұрған мифтік архетиптерді ауызға алдырмады. Біз зерттеу еңбегімізде бұған дейін сонау шумерден бастау алатын мифтік әдебиетімізді XX ғасырдың басына дейінгі өсіп-өнуі бойынша қарастырған болатынбыз. Енді өткен ғасырдың 50-80 жылдары аралығындағы қаламгерлеріміздің шығармашылығындағы мифтерді — зерделеу өзегі етпекпіз.

Әдебиеттегі мифологизм мәселесі, миф поэтикасы төңірегіндегі ғылыми ой-пікір, көбінесе шетел әдебиеті мысалдары негізінде тұжырымдалып жүр. Ұлттық әдебиет тарихында ондай әдебиеттер әзірге жоқтың қасы десе де болады. Осылайша, қазақ әдебиетіндегі мифтік шығармашылық, оның мәні мен табиғатын таныту мәселелері өз зерттеушісін күтіп жатыр.

Қазіргі кезде төл әдебиетімізде мифті теориялық және практикалық жағынан жете қолдану басым. Ал, классик жазушыларымызда миф шартты түрде пайдаланылады. Әдебиетте бейнеленген өмір мен ондағы кейіпкердің болмыс-бітімі – нағыз өмірдегі шынайылықпен сәйкес келе бермейді. Мұны әдебиет пен өнерде – шарттылық немесе бірінші шарттылық деп атайды. Екінші шарттылыққа – аллегория, гипербола, метафора, метонимия, кейіптеу, символ, эмблема т.б. көркемдегіш (троптар) кіреді. Бұл формалар шындықтан әдейі аластатылған. Екінші шарттылық категориясына – эпикалық жанрдағы миф, ауыз әдебиеті мен әдебиет мысалдары, аңыздар, ертегілер, тәмсіл сөздер жатады [241].

Алғашқы қауымда пайда болған рух-иелік мифтер – табиғаттағы әрбір заттың иесі болатындығымен түсіндіріледі. Көркем прозаның генетикалық бастаулары мифтен нәр алып шыққан. Сондықтан да, мифологияны әдеби процесстің бөлінбейтін бөлшегі деп қарастырған жөн. Мифтен ертегіге көшкен кезде «кең ауқымдылық» қысқарады, бар қызығушылық жеке кейіпкер тағдырына арналады. Осы орайда орыс ғалымдары Е.Мелетинский, В.Пропп өз зерттеулерінде миф пен ертегі өздерінің формасы жағынан емес, әлеуметтік қызметі жағынан ерекшеленеді және ертегі әлеуметтік өмір мен оның институттарынан дамып шығады деген ой айтады [242]. Құлбек Ергөбек болса: «Әрбір ұлттың әдебиеті дамып, кемеліне келген сәтте адамзаттың балаң дәуірінде жасалған көркем мұрасы, шығармашылық қайнар бастауы – фольклорға оралып отырады. Оралған сайын ұлттық шеңберден биік, жалпы адамзаттық ойға құлаш ұрады. Өзге халықтармен бірге қазақ әдебиеті қазіргі осы процеске талпыну үстінде. Кейінгі толқын қаламгерлер фольклорға ба-

рар жолда, халық эпосын көркем шығармаға пайдаланудағы алғашқы үлгі «Сұлушаш» романының тәжірибесін аттап өте алмайды [243,137-б.]. Біз ғалымның осы сөзінен қазіргі қаламгерлеріміздің өз шығармашылық процестерінде фольклорға және оның бойындағы тылсымданған мифке баруды аңғарамыз. Образды пішінде айтылған мифология – алғашқы адам өмірінің бүкіл философиясын танытады. Бұлар олардың ұжымдық шығармашылығының әдет-ғұрпының, өлеңі, би, дәстүр-салт жоралғысының, іс-әрекет, мүсіндеу өнері тастағы бейнелеу өнерінің негізгі мазмұны болды. Бүгінгі адамзат қолданысындағы мифтік әңгімелер қазақ прозасында дайын көркемдік форма ретінде қызмет атқаруда, атқарып келеді. Мифті көркемдік таным ретінде тану, оны әдеби мүлдеге айналдыру, әдебиеттегі көркем мазмұн мен форманы жаңаша сипатқа ие болуына әсер етті. Қазіргі әдебиетте өнерде мифтік желілерді пайдалану, ежелгі қайнар көздерге, түпкі бір жобаларға ұмтылысты, рухани сабақтастықты іздеуді білдіреді. Бүгінгі күннің қиыншылығын ежелгі мифпен сабақтастыру – мифте мәңгілік «қарғыс атқан сұрақтарға» жауап берудің түрлері сақталынғанын көрсетеді [244]

Тарихи-әдеби процестің даму барысында көркемдік-эстетикалық құндылығы жоғары шығармалар осы уақытта жоғалмай, үнемі өзінен кейінгі әдеби ағымға ықпал-әсерін тигізіп, ақын-жазушылардың дара шығармашылық тұлғасының қалыптасуына, белгілі бір авторлық позициясын айқындауға және жеткізуге барынша әсер етіп отыруы – заңдылық. Осы орайда белгілі ғалым Ж.Дәдебаевтың төмендегі ойы біздің жоғарыда айтқан пікірімізбен қабысады. Аталған зерттеуші Ә.Кекілбаевтың «Үркер» және «Елең-алаң» романдарына «саяси-психологиялық роман» деген атау береді. Бұл анықтама терминнің алғашқы сыңары – шығарманың мазмұнына қатысты, ал екінші сыңары – форманың лайықты таңдалуына қатысты айтылып тұрған сияқты. «Саяси-психологиялық роман жазу – саясат туралы жазу емес. Ел басындағы отырған адамның саяси іс-әрекеті терең парасаттылықпен үйлескенде ғана, ол өз заманының бірден-бір шырақшысы бола алады» [245, Б.44-45].

3. XX ғасырдың басындағы казак әдебиеті және мифология

3.1. Ұлттық әдебиеттегі діни-мифтік шығармашылық ерекшеліктер195

3.2. XX ғасыр басындағы казак прозасы және мифология үлгілері237

4. Казак әдебиетіндегі тоталитарлық мифология

4.1. XX ғасырдың 50-80 жылдарындағы казак прозасындағы идеологиялық мифология278

4.2. Тоталитарлық мифология және демифологизация317

4.3. Казак прозасындағы авторлық миф және мифология344

5. Тәуелсіздік жылдары прозасындағы постмодернизм және неомифологизм

5.1. Казак прозасындағы мифология және ремифологизация373

5.2. Ұлттық прозадағы неомифология және зоомифологизм416

Сөз соңы469

Глоссарий475

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі484